

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

---

# АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

III том

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2015

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, өдебиеттану және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі жөнен*

*Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

*(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жасындағы*

*Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

### ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (торага), Ө. Әбдіманұлы, З. Бисенгали, Т. Есембеков,

А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарап,

А. Темірболатова, Ж. Тілеуов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі), И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

### Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Қ.Қ. Мәдібаева**

### Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

### Құрастырып, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

### Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ө. Әбдіманұлы**

А 13      **Абайтану. Таңдамалы еңбектер. III том. Ойлар мен толғаныстар /**  
құраст, түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ  
әділ; жауапты ред. Ә. Тарап; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Ал-  
маты: Қазақ университеті, 2015. – 272 б.

**ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)**

**ISBN 978-601-04-1284-2 (III том)**

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырган таңдамалы еңбектер басылымы Қазакстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбіштулұ Назарбаевтың «Абай туралы сөз» толғауымен ашылған. Үшінші томға абайтану саласында 1960 жылдан 1980 жылға дейін жарық көрғен, уақыт сыйынан еткен, ғылыми қауым мен көпшіліктен лайықты бағасын алған зерттеулер мен макалалардың таңдамалылары енген. Кітап орта мектептің жогары синапті оқушылардың жогары мектептеге білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мемдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ак қалың көпшілікке арналған.

III томға енген таңдамалы еңбектер елдің ынтымағы мен бірлігінін нығайына, интеллектуалдық, олеуетінің артуына, қоғамдық сананың дамуына ықпал етеді. Том «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәннардың зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3(5Каз)**

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1284-2 (III том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жасындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

## ӨШПЕС МҰРА

Абайды біз ұлы ақын дейміз. Мұның өзі әрбір юбилей күндерінде жазылатын мақалаларға тән жалпы мактау сөздер болмаса керек. «Ұлы» немесе «Данышпан» деген мақтау сөздерді әр тұста әркімге қолданатын уақыттар болады. Бірақ, соның бәрі бір дәрежеде емес. Абай есімі аталғанда «Ұлы», «Данышпан» деген сөздер еріксіз келіп оралады. Бұл сөздер айтылmasa, Абай есімі өгейсіп тұрғандай.

Абай ас беріп, ат мінгізіп, шапан жапқан бай үйінің «салтанатын, мырзалығын» мақтап сарнаған ақындарға қарсы құрес ашты. Өлеңді құнқөрістің құралы етіп, кәсіпке айналдыру-шылдыққа жан-тәнімен қарсы болды.

Абай «әр елден өлеңмен қайыр тілеп, сөз қадірін кетірген» кезеген аяқ ақындарды аяусыз әшкереледі. Сөйтіп, ол тұнғыш рет поэзияның қоғамдық ролін, көздейтін нысанасын айқын белгілеп берді.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,  
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.  
Көкірегі сезімді, тілі орамды.  
Жаздым ұлғі жастарға бермек үшін.

Мақсатым: тіл ұстартың, өнер шашпақ,  
Наданның кезін қойып, қөңілін ашпақ.  
Ұлті алсын деймін ойлы жас жігіттер,  
Дұман, сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.

Әр шакта жазылған осы екі шумақ өлеңде Абай поэзиясының мақсаты айқын белгіленген. Ақын поэзия «еріккеннің ермегі емес», халыққа қызмет етудің, құрестің, тәрбиенің құралы екенін жақсы түсінді. Сөйтіп қазақ әдебиетінде Абай тұнғыш рет «искусство искусство үшін» емес екендігін іспен дәлелдеді. Поэзия шын мәнінде искусстваға, құрес құралына айналды. Халықтың ғасырлар бойы сараланбай келе жатқан бай сөзқазынасына Абайдай

көркем сөз шеберінің қолы араласты. Бұл мол мұрадан ұлы ақын асылы мен бағалысын ғана ірікеп алып, әсерлі сөз сапына тізді де, жасығы мен қоқысын поэтикалық тілден аластады. Сөйтіп, ұлы ақын шын мәнінде сөз қазынасының инженері болды. Абай творчествосының бір ерекшелігі міне осында. Бұл жайға тоқтала келіп Абай өмірі мен творчествосының орасан білгірі Мұхтар Әуезов былай деп жазды: «Өлең ермек емес, өнердің басы. Ол өнер халықтың тілін де, ойын да жанғыртып, түлестіп өсірсін. Ен алдымен алысқанда надандық, қарандылықпен алыссын. Соны жас ұрпаққа, халықтың болашақ тарихының жаңа қауымына әдейі арнап тұрып айтады. Тағы да шынайы әлеуметтік тартыстың құралы болған өлең арзан бағаланбайды. Женіл женіске, сән сауыққа ермек қана боп кетпейді. Өзгеге, алысқа, халықтық, тарихтық ұлы арманға мензейді...»

Өлең жазудағы мақсатым осы, бұл халқым алдындағы қарызым дей түсіп, Абай бұрын жариялаган ақындық, платформасына тағы да бірнеше кесек ойлар қосады».

Абай творчестволық жолының алғашқы кезінде араб, парсы, шағатай әдебиетінің класикалық үлгілерімен танысып, соған біраз еліктеді. Бірақ, кемелденіп, толған шағында ұлы ақын орыстың прогресшіл класикалық әдебиетін құныға оқып, үйренді. Орыс әдебиетінің мол мұрасын мейлінше оқып-үйренудің арқасында ғана Абай табиғат соншама жомарттықпен сыйлаған қуатты таланттың көпке танытты. Ақын оқушыны бірден баурап әкететін сиқырлы күш ұлаған өлеңдерін орыс әдебиетінің иғі әсерімен жазды. Міне Абайдың искусствоға, өмірге көзқарасы XIX ғасырдағы орыстың ұлы революцияшыл-демократ сыншылары Белинский, Чернышевский, Добролюбовтардың ყыпталымен қалып-тасты.

Ендігі жерде поэзия ақынның ең бірінші өмір қажетіне айналды; ақынның:

Өзгеге конілім тоярсың,  
Өленді қайтіп коярсың, –

деген пікірі осыны аңғартады. Бұл ерте ме, кеш пе, творчестволық еңбектен басқа қызықтың бері де жалықтырады дейтін Л.Н. Толстойдың пікірімен үндес екені даусыз.

Дау-жанжал, ұрлық-қарлық, барымта, зорлық-зомбылық етек алған жағдайда жаны кейіп жүрген ақынның жақсы тұрмысты ойлауына да орыс әдебиеті мұрындық болды. Қаранғылық пен надандық тұманы түнеп, әрекетсіздік пен әділетсіздік жайлаған жайбаракат халқының болашағына ой жіберген ұлы ақынға үміт саңлауы алыстан бұлдырап көрінді. Абай өз жанын тебіренткен небір құрделі мәселелердің түйінін, өз халқының азат болуының мүмкіндігін орыстың прогресшіл әдебиеті мен мәдениетінен, орыс халқының озат ойынан іздел тапты да, қазақ халқын сол бір сөулеге бағыттады. Ұлы ақынның жүргегі жүртім деп соғып, қаламы халық деп қозғалды. Ұлы ақын қазақ халқын орыс тілі мен мәдениеті арқылы бүкіл адамзаттық мәдениетке жетуге, сөйтіп өнерлі жүрттың қатарына косуға талпындырмак болды. Ақын мұны өзінің саналы өмірінің мақсаты деп білді. Ол қазақ қоғамындағы артта қалған пікірлерге, орыс халқының мәдениетіне жақындасуға бөгет жасайтын зиянды үгіт, кедергі атаулының барлығына қарсы кресті. Ақынның халыққа қызмет ету мақсатынан туған алыс арманы мен асыл ойлары өлеңіне келіп құйылды.

Революциядан бұрынғы қазақ арасында сөзге қонақ бермей, жамандық атаулы болса, «орысқа» аудара салатын ислам дінінің зиянды үгітінен туған надандықты аяусыз әшкереледі. «Интернатта оқып жүр» деген өлеңінде ақын:

Орыс теріс айтпайды,  
Жаман бол деп оларды.  
Каны бұзық өзі ойлар,  
Кү менен сүм боларды.  
Орыста қалар жаласы, –

деп жазса, «Өкінішті көп өмір кеткен өтіп» деген өлеңінде:

Тура тілді кісіні дейміз орыс,  
Жиреніп, жылмаңдықты демес дұрыс... –

dedі. Ақын осылайша қазақ арасындағы «қаны бұзықтардың» кеселді пікірлерін әшкерелей отырып, Россияның прогресшіл

мәдениетіне жету қазақ халқының шынайы арманы екенін түсіндірді. «Орысша оку керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Залалынан қашық болуға, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі: олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсен, көкірек көзі ашылады... Орыстың ғылым, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі... барыңды салсаң да балаңа орыстың ғылымын үйрет», – деп жазды Абай.

Ұлы ақын тәжік пен татардың да өнері қазақтан әлдеқайда ілгері екенін түсіндірді. Бұл халықтар қазақ сахарасындағыша өтірік пен өсек қумай, «шаруа қуып, өнер тауып, орыстың өнерін бізден көп үйреніп кетті», – деді.

Қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың шығармаларының ігі дәстүрі сөз болғанда, оны қазақ өлеңдерінің жасалу техникасына Абай енгізген жаңа формалар мен синтаксистік сөйлем құрылыштарының, сөз қолданыстардың тұрғысынан ғана танып қою жеткіліксіз. Абай мұрасының тамаша дәстүрлерінің бірін оның қазақ халқын ұлы орыс халқымен, сондай-ақ басқа да туысқан халықтармен достыққа, мәдени қарым-қатынас жасауға шақырған тамаша прогресшіл идеясынан іздеу қажет. Бүгінгі ұрпаққа Абай қадірін арттырып, ақын атын ардақтатып отырған да – оның осындаи достықты үгіттеуі сол жолда тынбай істеген творчестволық еңбегі болса керек.

Қазақ халқын ұлы орыс халқымен және басқа да туысқан халықтармен достыққа шақыру – Абай творчествосының прогресшілдік сипатын белгілейтін ең негізгі, басты тақырыптың бірі. Абай шығармаларында тамаша интернационалистік пікірлер бар. Әрине, бұдан Абай барлық елдердің еңбекшілерін күреске шақырды деген ұғым тумайды. Абай барлық елдердің еңбекшілерін емес, тіпті, қазақ еңбекшілерінің өзін де күреске шақыра алмады. Бұл Абайдың бүкіл творчествосындағы, қоғамдық әлеуметтік пікірлері мен идеясындағы шектеушілік еді.

Абай өзінің көптеген өлеңдері мен қара сөздерінде қоғамдық дамудан кенжелеп қалған қазақ халқын озық елдердің өнерінен, мәдениетінен, ғылымы мен білімінен үйренуге үгіттеді. Оның ең алдымен ұлғі етіп ұсынғаны да, өзіне ұстаз тұтып оқып,

үйренген мектебі де орыс жұрты, орыс халқының прогресшіл мәдениеті болды. Ақынның сол кездегі талапсыз, харекетсіз «елең-селеңмен» өмір оздыруға құмар қазақ жастарын орыстың ұлы жазушылары Салтыков пен Толстойдан үлгі алуға шақыруы да сондықтан болатын.

Ақын орыс тілі мен орыс мәдениеті арқылы қазақ халқын бүкіл адамзаттық мәдениетке жетуге, сөйтіп өнерлі жұрттың, мәдениетті халықтың қатарына қосылуға талпындырмақ болды. Орыс тілін үйрену мақсатын ақынның өз көnlіндегідей тани алмай, теріс түсініп, ал тілді білуді патшаға қызмет етіп, «шен-шекпен киодін» қарызындай танып жүрген кейбір қазақ жастарына Абай орыс ғылымын оқып үйренедегі мақсатты айқын ашып түсіндірді.

Пайда ойлама, ар ойла,  
Талап қыл артық білуге.  
Артық ғылым кітапта  
Ерінбей оқып көруге.  
Военный қызмет іздеме  
Оқалы кім киоге...  
Жанбай жатып сенуге, –

деп жазды Абай.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласына орыс халқының тұрмыс салтының шындал араласа бастауы орыс мәдениетіне бой ұруды тудырмай қойған жоқ; қазақ жастарының алғашкы буыны ғылым мен мәдениетке ұмтылды. Міне, Абай идеясы да қоғамдық дамудың осындай тынысынан келіп туған еді. Өйткені, қашан да болсын ақынды халық пен өмір сүрген заманы тудырады.

«Абай шығармасында әлеуметтік сарынның жана ағымын туып, есіп, ең алдымен әзірлеген жағдай, – деп жазды М. Әуезов, – сол кездегі көпшілік қоғам тұрмысының өз қалпы болады. Сол өз ортасының не қүйі бар, неге мұқтажекенін көппен бірге сезіп, мұн еткен ақын енде сондайлық әлеуметтік мазмұн сарынды сыртқа шығаратын жол, үлгі, өнеге іздейді. Осылайша іздену жолында жүргенде, өз қауымындай қоғамдардың ортасынан шығып, елге сапалы еңбек еткен ағартушы, мәдениетті, либерал, бұқарашибыл

ақындардың ізін, жолын көреді. Сонымен барып Пушкин, Лермонтов, Салтыковтың мектебіне үніледі. Өзгерек жағдайда, өзгеше құлдық, надандық, зұлымдық қорлығында жатқан өз жұртшылығына, аналардың сарынымен бұдан өзгеше өнегелі енбек етпекке талпынады.

Міне, Абайды Европа мектебімен, орыс әдебиетінің классик дәуірлерімен жанастырып, қабыстыратын өткел осындай қоғамдық, тарихи өткелдер болады. Мазмұн сарыны, ішкі бағыт нәрі ел тұрмысының, қоғам күйінін өзіндік, аналы топырағынан шыққан сарын, нәрлер болады. Соны жарыққа шығаратын түр-ұлгіні ғана орыс халқының асыл қазынасынан алады».

Абайдың өмір сурген заманы, сонымен бірге, қазақ даласында ислам дінінің де әрекеті күшеген кез еді. Ислам діні фанатиктерінің ең зиянды және ең қауіпті әрекеті – олардың қазақ халқын ұлы орыс халқының мәдениетінен алыстатқысы, сөйтіп, реакцияшыл шығыстың көртартпа мәдениетіне қарай бейімдегісі келгендіктерінде еді. Олар өздерінің бұл зұлымдық пікірлерін діни қабыршықтарымен бүркемелеп отырды, орыс халқын басқа діннің адамдары болғандықтан мұсылманға дос емес деп түсіндірді. Ислам дінінің бұл зиянды әрекетін патша үкіметі өз максаттары үшін барынша қуаттады. Патша үкіметі Россияның шет аймақтарындағы халықтарды орыс халқының мәдениетінен жырақ ұстағысы келді. Өйткені, патша үкіметі артта қалған қаранғы ұлттардың енбекшілерінің орыс енбекшілерінің көрсететін күрес үлгісінен, беретін өнегесінен мейлінше қорықты. Ал, ислам дінінің әлгіндей үгіті патша самодержавиесінің ұлт араздығын қоздыру отына май құйды.

Әрине, қазақ халқының ұлы орыс халқына, оның озат мәдениетіне ұмтылуын патша үкіметінің реакцияшыл саясаты да, сондай-ақ ислам дінінің үгіті де тоқтата алмады. Алайда қоғамның анағұрлым артта қалған бөлігінің ішінде, діннің айтқанына көзсіз еріп, «орыс» деген сөзге тосырқап, үркे карайтын адамдар болған жок деп айту киын. Өйткені әрбір қоғамда ұstem идеология – сол қоғамдағы ұstem таптың идеологиясы. Ал, ұstem идеология өз ұстемдігін сездірмей, қоғамдық пікірге әсерін тигізбей отыра алмайды.

Орыстың революционер-демократ сыншысы Добролюбов осында жағдайларды ескеріп бірсыныра шет аймақтардағы ұлттар орыстарға сенімсіздікпен қарайды, ал бұған кінәлі орыс халқы емес, патша самодержавиесі деген болатын.

Басқа халықтардан, әсіресе орыс халқынан үйреніп, оған жақын болуды мұсылманшылықтың кешпес күнәсіндегі етіп түсіндіретін реакцияшыл діни көзқарасты батыл әшкерелеу – Абай заманы үшін бұл, сөз жоқ, интернационалистік пікір. Өйткені Абай заманында қазақ қоғамында бұдан озған пікір айтқан ешкім болған жоқ. Абай қазақ халқының болашағы ұлы орыс халқымен достықта, мәдени қарым-қатынас жасауда екенін өз кезінде өзгеден артық түсінді. Абай қазақ халқын ұлы орыс халқымен, сондай-ақ, басқа да туысқан халықтармен достыққа шақыра отырып, өзі де сол жолда аянбай қызмет істеді. Абайдың орыс әдебиетінің тамаша үлгілерінен жасаған аудармасы да осыны дәлелдейді. Ақын орыс халқының бай әдеби мұрасын қазақ халқына өз ана тілінде таныстыру мақсатын көзdedі.

Ерте ме, кеш пе орыс халқының мәдениеті бүкіл Россия халықтарына ортақ мәдениет болады, сол кездे «дабысым бүкіл Россияға тарайды» деп, болашаққа үлкен үміт артқан данышпан Пушкиннің «Ескерткішін», сол сияқты ұлы революционер демократтардың Россияның болашағы жөнінде, орыс халқының шет аймақтар үшін атқаратын ролі жөнінде айтқан пікірлерін оқып білген Абайдай ұлы ақынның халықтарды достыққа, бірлікке, ынтымаққа шақыруы әбден занды да жағдай еді.

XIX ғасырдағы қазақ даласының әлеуметтік, қоғамдық тұрмысы мен өмір шындығы ақын творчествосының негізгі обьектісі, нысанасы болды. Ақын ел ішіндегі озбырлықты, зорлық-зомбылықты, үстем таптың өктемдігін аяусыз әшкерелеп, қарапайым халыққа, кедейлерге жана шырлық сезіммен қарады. Ел ішіндегі ебедейсіз, оғаш мінездерді түзеу үшін қызмет етті. XIX ғасырда қазақ ауылында етек алған ұрлық-қарлық, өсек-өтірік, мақтаншақтық, арызқойлық, «елең-селеңмен» өмірді мақсатсызы, енбексіз өткізушілік сияқты қоғам дамуына кедергі келтіріп отырған мінездерді Абай барынша әшкереледі. Оның орнына ақын халықты пайдалы іспен шүғылдануға, адал енбек

етуге, оқу, өнер, ғылым, білім іздеуге шақырды. Сөйтіп Абай поэзиясымен бірге қазақ әдебиетіне реализм бағыты еніп, берік қалыптасты. Абай осылайша әдебиетті, поэзияны жанрлық жағынан түбегейлі негіздел, қоғамдық, әлеуметтік мәнін барынша арттырып, күшетті.

Алайда, ақынның ел ішіндегі оғаш мінезді түзету талабы толық жүзеге аса қоймады. Қиян-қылыштың мол заманда өмір жолын кешкен ақын көп ойланып, көп толғанып, ой соңына жете алмай, жалғыздығын, жапа шеккендігін, «етек басты» болғандығын кейбір өлеңдерінде сыртқа да шығарып отырды.

Кайратым мәлім,  
Жетпейді әлім,  
Мақсат алыс, өмір шақ, –

деді ақын.

Сөйтіп, ол дегеніне жете алмады. Қоғамның мешеулігі, халықтың қараңғылығы «соқтықпалы, соқпақсыз жерде өсіп, мыңмен жалғыз алысқан» ақынның аяғын тұсай берді. Бірақ, ақын налымады, өзінің үлкен үмітін ол болашаққа, жас ұрпаққа артты.

Абай – өз кезіндегі өмір шындығын жырлап, барды бадырайта айтқан реалист ақын. Бүгінгі бақытты ұрпағына да ол сонысымен қымбат.

## ТҮСІНІКТЕР

1. Марғұлан Ә. Абай көлжазасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 300-304-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Машанов А. Ұлы ұстаз Абай. Баспасөз бетінде жарияланған: Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 71-80-беттер; Абай институтының вебсайты.
3. Сүйіншәлиев Х. Абайдың қарасөздері мен нақылдары. Баспасөз бетінде жарияланған: Қазақ әдебиетінің тарихы: окулық. – Алматы: Санат, 2006. – 877-887-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Нұршайықов Ә. Шұтылалы шұмақтар. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 344-355-беттер; Абай институтының вебсайты.
5. Әлімбаев М. Абайдың қайталап оқығанда. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 244-262-беттер; Абай институтының вебсайты.
6. Кирабаев С. Абай – казақ әдебиетінің класигі. Баспасөз бетінде жарияланған: Көп томдық шығармалар жинағы. Т.5. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007. – 194-200-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ахметов З. Өлең өрнектері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 205-223-беттер; Абай институтының вебсайты
8. Қабдоллов З. Абайдың ақындығы. Баспасөз бетінде жарияланған: Арна. Зерттеу сын: эссе. – Алматы: Жазушы, 1988. – 9-43-беттер; Абай институтының вебсайты.
9. Кәкішев Т. Абайдың сатирасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 84-90-б.; Абай институтының вебсайты.
10. Нұрқатов А. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Шығармалар жинағы. II том. Абайдың ақындық дәстүрі. – Алматы, 2010. – 409-434-беттер; Абай институтының вебсайты.
11. Сахариев Б. Өппіес мұра. Баспасөз бетінде жарияланған: Қурескер тұлғасы: мақалалар мен зерттеулер. – Алматы, 1979. – 222- 229-беттер; Абай институтының вебсайты.
12. Дүйсенбаев І. Абайдың поэмалары мен аудармалары. Баспасөз бетінде жарияланған: Фасырлар сырьы. – Алматы, 1970. – 84-137-беттер; Абай институтының вебсайты.
13. Бердібаев Р. Кеменгерлік келбегі. Баспасөз бетінде жарияланған: Замана сазы: зерттеулер мен мақалалар. – Алматы, 1985. – 1985. – 216-226-беттер; Абай институтының вебсайты.
14. Қожакеев Т. Абай – сатирик. Баспасөз бетінде жарияланған: Таңдамалы шығармалар. Көптөмдүк. IV том. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2007. – 3-29-беттер; Абай институтының вебсайты.

15. Сәтбаева ІІ. Абай және Еуропа халықтары әдебиеті. Баспасөз бетінде жарияланған: Бес томдышқыш шығармалар жинағы. I том. – Астана: Елорда, 2007. – 89-110-беттер; Абай институтының вебсайты.
16. Базарбаев М. Абайдың жаңапылдығы. Баспасөз бетінде жарияланған: Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы: Жазушы, 1973; Абай институтының вебсайты.
17. Дербісәлин Ә. Қазақ поэмасының тарихынан. Баспасөз бетінде жарияланған: Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері: мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1976 – 114-153 беттер; Абай институтының вебсайты.
18. Хасенов М. Абай шығармаларындағы сын. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчество: мақалалар жинағы / ред баск.: М. Ақынжанов, З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР FA, 1954. – 132-142-беттер; Абай институтының вебсайты.
19. Талжанов С. Абай Құнанбаев. Баспасөз бетінде жарияланған: Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. – Алматы, 1975. – 195-217-беттер; Абай институтының вебсайты.
20. Әбдірахманов Т. Мәңгі жас мұра. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 364-372-беттер; Абай институтының вебсайты.

## МАЗМҰНЫ

Марғұлан Ә. <b>Абай қолжазбасы</b> .....	3
Машанов А. <b>Ұлы ұстаз Абай</b> .....	8
Сүйіншәлиев Х. <b>Абайдың қарасөздері мен нақышдары</b> .....	19
Нұршайықов Ә. <b>Шұғылалы шумақтар</b> .....	33
Әлімбаев М. <b>Абайдың қайталап оқығанда</b> .....	46
Кирабаев С. <b>Абай – қазақ әдебиетінің классигі</b> .....	65
Ахметов З. <b>Өлең өрнектері</b> .....	72
Қабдолов З. <b>Абайдың ақындығы</b> .....	81
Кәкішев Т. <b>Абайдың сатирасы</b> .....	101
Нұрқатов А. <b>Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы</b> .....	109
Сахариев Б. <b>Өшпес мұра</b> .....	129
Дүйсенбаев Ы. <b>Абайдың поэмалары мен аудармалары</b> .....	137
Бердібаев Р. <b>Кеменгерлік келбеті</b> .....	154
Қожакеев Т. <b>Абай – сатирик</b> .....	167
Сәтбаева Ш. <b>Абай және Еуропа халықтары әдебиеті</b> .....	188
Базарбаев М. <b>Абайдың жаңашылдығы</b> .....	211
Дербісалин Ә. <b>Қазақ поэмасының тарихынан</b> .....	221
Хасенов М. <b>Абай шығармаларындағы сын</b> .....	235
Талжанов С. <b>Абай Құнанбаев</b> .....	247
Әбдірахманов Т. <b>Мәңгі жас мұра</b> .....	261
<b>Түсініктер</b> .....	269

Оку басылымы

**АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР  
III том  
Ойлар мен толғаныстар**

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:  
П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мухадиева*  
Компьютерде беттеген *Y. Әбдіқайымова*  
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

**ИБ№8757**

Басуга 09.12.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 17,0 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыш. Тапсырыс №1508.  
Тараалымы 50 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.